# «МЕМЛЕКЕТ ТЕ, ЖУРНАЛИСТ ТЕ ҰЛТ ҮШІН ҚЫЗМЕТ ЕТЕДІ»

*Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ*

*Аялаймын сені, Қызылорда!*

# Ақмешіт апталығы

29 маусым сенбі

№51 (2061)

2024 жыл

Газет 1994 жылдың 15 сәуірінен бастап шығады

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-ақпараттық тарихи-танымдық газет •

*E-mail: akmeshit.kz@mail.ru*


**Қуат ШАРАБИДИНОВ, облыстық «Сыр бойы» газетінің бас редакторы, Қазақстан Журналистер одағының облыстық филиал төрағасы:**

## ҰЛТ БОЛАШАҒЫ ҮШІН АТҚАРЫЛАР ІСКЕ ҮН ҚОСА БЕРЕМІЗ



**28 маусым – бұқаралық ақпарат құралдары қызметкерлері күні қарсаңында ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев облыстық «Сыр бойы» газетінің бас редакторы, Қазақстан Жазушылар Одағының облыстық филиал төрағасы Қуат Шарабидинов «Ерен еңбегі үшін» мемлекеттік наградасымен марапаттады. Мемлекет басшысы марапаттау сәтінде журналистердің ұлт мүддесі жолындағы еңбегіне ерекше тоқталды.**

«Біздің мақсат-мұратымыз – ортақ. Бұл – баршаға тең мүмкіндіктер беретін Әділетті Қазақстанды құру. Мен бүгін медиа саласы мамандарының осы жолдағы қажырлы еңбектері үшін шынайы ризашылығымды білдіремін. Әлихан Бөкейхан «Газет-журнал шығаруға зор шеберлік керек» деп талап қойған. Бұл – бүкіл ақпарат саласына ортақ тұжырым. Жалпы, журналистер мемлекеттік саясатты халыққа түсіндіру ісінде айрықша рөл атқарады», – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Биыл 95 жылдығын тойлағалы отырған «Сыр бойы» газетінің қазақ журналистикасында алар орны бөлек. Мерейтой қарсаңында ата басылымның бас редакторы Қуат Әбішұлымен бүгінгі журналистика, ғасырға жуық тарихы бар басылымның көтерер жүгі турасында сұхбаттастық.

**2-БЕТТЕ**

## МӘТІНБЕК ПЕН АҚҚАҒАЗ:
### жасанды интеллект – жаңа дәуірдің медиа жаршысы

Бүгінде жасанды интеллект әр салада қолданыла бастады. Бір қызығы, ЖИ десе, көпшілікте сенімнен гөрі үрей басым. Еңбек нарығында жасанды интеллект адамның орнын алмастыра ма деген сұрақ жиі қойылады. Біз жаңа технологияны игермесек, осы осы мазмұндағы сұрақ көбейе беретіні шындық. Жасанды интеллект күнделікті тапсырмаларды жеңілдетуден бастап, күрделі ғылыми мәселелерді шешуге дейін өмірдің көптеген саласын өзгерту үшін орасан зор әлеуетке ие екені анық. Жасанды интеллект саласындағы алғашқы қадам ғалымдар машиналық оқыту мен нейрондық желілердің мүмкіндіктерін зерттей бастаған кезде XX ғасырдың ортасында жасалды. Бұл алғашқы зерттеулер бүгінгі таңда медицинадан бастап, қаржы саласына дейін әртүрлі салаларда қолданылатын заманауи технологияның дамуына негіз болды. Дегенмен технологиялық прогреске қарамастан, қоғам жасанды интеллектіні күнделікті өмірге енгізудің салдарын әлі де талқылануда. Жасанды интеллект туралы түсінік адамдардың көзқарасына тәуелді екенін атап өткен жөн. Уақыт өте келе, адамдар жасанды интеллект және оның қолдану аясы туралы терең біле бастаған соң, қорқыныш пен күмән сейіліп, оң көзқарас қалыптасты. Бүгінде жасанды интеллект өміріміздің ажырамас бөлігіне айналып, бұрын көп уақытты талап ететін, әрі күрделі техникалық және ақпараттық мәселелерді шешуге көмектесе бастады. Медицинадан білімге дейінгі салаларда жасанды интеллект күрделі мәселелерді адамдарға қарағанда тезірек және тиімді шешуге көмектесу арқылы айтарлықтай үлес қосуда.

**3-БЕТТЕ**

# ҮКІМЕТ САПАРЫ:
## Байқоңыр мен Арал – басты назарда

**Осы аптада Үкімет басшысы Олжас Бектенов Сыр өңіріне іссапармен келді. Премьер-Министр Қызылорда облысына жұмыс сапары барысында «Бәйтерек» ғарыштық зымыран кешеніне барды, сондай-ақ Байқоңыр қаласының даму жоспарымен танысты.**



Ғарыштық зымыран кешенінің құрылысы «Союз-5» жаңа зымыран тасығыштарын ұшыруға арналған «Зенит-М» ҒЗК инфрақұрылымы базасында жүргізіліп жатыр. 2018 жылы ресейлік тарап аланды жалға алуды тоқтатқаннан кейін нысанды қазақстандық мамандар пайдалануда. Жұмыстың аяқталу мерзімі 2028 жылдың мамырына жоспарланған, ал алғашқы ұшу сынақтарын 2025 жылы бастау жоспарланып отыр. Кешеннің жылына 6-8 зымыран ұшыруға мүмкіндігі бар.

Олжас Бектенов монтаждау-сынақ кешенін, сондай-ақ зымыран көлеміне шақталған көлік қондырғыларын қарап шықты. «Бәйтерек» БК» АҚ басқарма төрағасы Айдын Айымбетов кешенді заманауи жүйелерге сәйкестендіріп жаңғырту туралы баяндап, зымыран-тасығыш жүйелерді тексеру кезеңдері, сондай-ақ «Бәйтерек» жобасы үшін мамандарды оқыту туралы хабардар етті.

Үкімет басшысы «Бәйтерек» ғарыштық зымыран кешені бүгінде посткеңестік аумақтағы Қазақстан мен Ресейдің ең ірі бірлескен жобасы екенін және екі мемлекет басшыларының ерекше бақылауында екенін атап өтті. Биыл оны іске асыруға 14,7 млрд теңге бағытталды, қаражаттың қалған бөлігін бөлу мәселесі қосымша пысықталатын болады. Олжас Бектенов экологиялық таза тасымалдағыштарда ғарыш аппараттарын сәтті ұшыру үшін мамандардың тығыз бірлескен жұмысының қажеттілігіне назар аударды.

– Зымырандарды ұшыру мерзімдерін өзгертпеу керек. Үш ұшырылымның біріншісі келесі жылы өтуі тиіс. Жоба «Байқоңыр» кешенінің белсенді жұмысын қамтамасыз ету үшін аса қажет. Бұл орайда бірлескен кәсіпорындағы еңбек ұжымының жұмысы да маңызды. Сондай-ақ ғылыми ортамен де өзара тығыз іс-қимылды үзбеу керек, – деп атап өтті Олжас Бектенов.

Үкімет басшысына қаланы дамыту жоспарын ҚР Президентінің «Байқоңыр» кешеніндегі арнайы өкілі Қайрат Нұртай баяндады. Қазіргі уақытта халықтың 70%-ын Қазақстан азаматтары құрайды. Табиғи өсім мен көші-қон ағыны есебінен оң динамика бар. Қаланың қарқынды өсуін ескере отырып, әлеуметтік, инженерлік инфрақұрылымды дамыту, тұрғын үй қорын ұлғайту жөніндегі шаралар іске асырылуда. Мәселен, 600 орынға арналған мектеп салу жоспарланған, өткен жылдың қорытындысымен қазақстандық білім беру стандарттары бойынша 2 балабақша ашылды, бұл кезекті екі есе төмендетуге мүмкіндік берді.

**2-БЕТТЕ**

# ЖУРНАЛИСТЕР – ҚҰРМЕТ ТӨРІНДЕ



**Кәсіби мереке қарсаңында облыстық Өнер орталығында «Қанатты қалам – 2024» салтанатты шарасы өтті. Мерекелік жиынға облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев қатысып, аймақтағы бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерін мерекемен құттықтады. Сонымен қатар қалам ұстаған қауымның бірқатары марапатталды.**

– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Ұлт баспасөзі мен ұлт мүддесі қай кезде де өзектес болған. Қазір де солай. Біздің мақсат-мұратымыз – ортақ. Бұл – баршаға тең мүмкіндіктер беретін Әділетті Қазақстанды құру. Мен бүгін медиа саласы мамандарының осы жолдағы қажырлы еңбектері үшін шынайы ризашылығымды білдіремін, - деп бұқаралық ақпарат құралдары қызметкерлерінің қоғамдағы орны мен маңызын айшықтап берді. Аймақта 149 бұқаралық ақпарат құралы жұмыс істейді. Биыл оның ішінде облыстың ата басылымы «Сыр бойы» газетіне – 95 жыл, сонымен қатар қалалық «Ақмешіт апталығы» 30 жыл, Жалағаш аудандық «Жалағаш жаршысы» газеті -90 жыл, Сырдария, Шиелі аудандарының аудандық басылымдары да 85 жылдық мерейтойын тойламақ. Мен аудан, қала әкімдері мен тиісті басқармаларға мерейтойды жоғары дәрежеде атап өтуге, қолдау көрсетуді тапсырамын. Шынайы ақпарат дәстүрлі медиада екенін ұмытпау керек. Баспасөз бен теледидар аналитика мен фактіге сүйенеді. Олар қоғаммен ашық диалог қалыптастырады, жақсы жаңалықтардың жаршысы, – деді Нұрлыбек Машбекұлы.

Мерекеде бірқатар әріптестеріміз марапат мінберіне көтеріліп, түрлі номинациялар бойынша қошеметке бөленді. Айта кету керек, аймақ басшысы жыл аяғында өңір журналисӨтерінің ішінде жеті номинация бойынша облыс әкімінің арнайы «Жебе» сыйлығын табыстайтынын айтты. Әрбір номинация бойынша 1 млн теңге сыйақы тағайындалмақ.

**«Ақмешіт - ақпарат»**

**БАС РЕДАКТОР БАҒАНЫ**



## БІЗ ҮШІН ОҚЫРМАННЫҢ БАҒАСЫ БӘРІНЕН ҚЫМБАТ

**Нөмірден-нөмірге дейінгі өмірде жанталасып мақала жазып, ақпарат іздеп, тыным таппайтын журналистер қауымының жыл он екі айда құрметке бөленетін бір күні бар. Кәсіби мерекеде бір сәт ізгі лебізге жүрек жылып, оқырманның, қоғамның ыстық ықыласына бөленетін қалам ұстаған жандар үшін бұл мереке ғана емес, мерекеден-мерекеге дейінгі өз-өзіне есеп беруі десем артық айтқандық емес. Себебі жылдың жартысын тәмамдап, оқырманын түгендеп, газетке жазылушылар көбейсе қуанып, азайса мұңайып қалатынымыз жасырын емес. Себебі смартфоны қосулы болуы үшін ақша аямайтын елдің газет-журнал, кітапқа келгенде ойланып қалатыны жасырын емес. Дәл қазір әлеуметтік желілердегі қызылды-жасыл дүние қызықтырып, сәт сайын жаңалықтар лентасы көзді ашып-жұмғанша шыр айналып жатқанда оқырманның да қалауы өзгерді. Жаңа медиа талабына сай болу үшін дәстүрлі медиа өкілдері де қол қусырып қарап отырған жоқ. Оқырманға қалайда нақты ақпарат, талдау, сараптама, зерттеу ұсыну үшін журналистер де ізденіс үстінде. Жұрт тәуелді болған әлеуметтік желіні де дәстүрлі медианың көмекші құралы ретінде пайдалануға еңбектеніп жатыр. Әйтеуір, ақпараттар тасқыны ғасырында өз орнын сақтап қалуға жанкештілік байқалады.**

Кәсіби мерекеде оқырманға есеп беру дәстүрімізден жаңылмағанды жөн санадық. Көзі қарақты оқырманға белгілі, биыл «Ақмешіт апталығы» газетінің жарыққа шыққанына 30 жыл. Осы уақыт ішінде талай биікті де бағындырып, түрлі сыннан да сүрінбей өткен басылым бүгінде сүйікті оқырманының қолында. Бұл газеттің негізін қалаған, белгілі қаламгер Әділхан Бәйменнің өзі өмірден озса да, өшпестей із қалдырған аманаты десек, аманатқа қиянат жасамай, ұстаздың ізін жалғаған шәкірттері, бір басылымның ғана емес, қазақ журналистикасының қара нарына айналған ағалардың еңбегінің жемісі. Ендігі міндет – ұлттың үніне айналған газеттің сапасына сына түсірмей, оқырманын жоғалтпай, еңбек ету. Жарыққа шыққан күннен бастап ұлттың үні, ұлттық құндылықтардың насихатшысы болған басылымның бүгінде бағыты өзгеріп, қалалық газет статусын алғанмен, ұлттық құндылықтарды насихаттау миссиясын бір сәтке ұмыт қалдырған жоқ. Бұл орайда биыл ұлттық құндылықтардан ажырамаған ауылдарды жаңа қырынан көрсету мақсатында «Қарашаңырақ» жобасын жүзеге асырдық. Ауылдағы ағайынның тіршілігін қаз-қалпында жеткізу үшін журналистік топ қалаға қарасты ауылдарды аралап, ауылдың жайын боямасыз жеткізді. Тағы бір атап айта кетерлігі, жаңа технология мүмкіндігін пайдаланып, ауыл тіршілігін таспалап, ол ютуб арнаға жүктелді. Сонымен қатар шығармашылық топтың «Шынымды айтсам» атты подкаст жазуы да оқырман сұранысына ие болды. Елге белгілі тұлғалармен сұхбатты ютубқа жүктеп, оқырманға шынайы қалпында жеткізе алдық. Ал «Уәде» атты жаңа айдар да оқырман сұранысына қызмет етуде. «Еститін Үкімет» бағдарламасын тиімді пайдаланып, билік пен халық арасындағы алтын көпір қызметін атқара білген басылым оқырманның мәселесін дер кезінде жауапты басшыларға жеткізіп, әкімнен бастап, мекеме басшыларын, халық қалаулысын бір алаңда жинап, мәселені талқылауға ықпал етіп жүр.

Жаңа медиа талабына бейімделу маңызды екенін естен шығармадық. Газетті оқыту мақсатында әлеуметтік желінің күшін пайдалану, жаңа технология игілігін көру мақсатында өңірде алғашқылардың бірі болып, жасанды интеллект технологияларын пайдаландық. Әдепкіде жасанды интеллект жазған шағын мақалаларды оқырманға ұсынсақ, кейін апта соңында газетке шолу жасау үшін жасанды интеллект арқылы әзірленген цифрлық жаңалықтар аватарын жасадық. Бүгінгі күнге дейін жасанды интеллект тілшісі басылымға шолу жасап, оқырманды газет оқуға үндесе, енді оның жанына шілде айынан бастап жасанды интеллект тілшісі Аққағаз қосылмақ. Бұл біздің жаңа технологияны жаңа медиа талабына сай пайдаланудағы ұзақ зерттеген еңбегіміздің нәтижесі. Бір сөзбен айтқанда, сапалы газет шығару, тәуір дүние ұсыну жолында аянбай еңбек етіп келеміз. Мұндағы мақсатымыз – оқырман көңілінен шығу. Себебі біз үшін оқырманның бағасы қымбат.

**Гүлмира ДІЛДӘБЕКОВА**

# ҮКІМЕТ САПАРЫ:

## Байқоңыр мен Арал – басты назарда

Басы 1-бетте

«Байқоңыр» кешенін газбен жабдықтау туралы келісімге сәйкес қалада барлық көпқабатты тұрғын үй газдандырылды. Мұнан бөлек, сумен жабдықтау және су бұру желілері облыстық коммуналдық меншікке берілді. «Байқоңыр» кешенінің нысандарына рұқсат алуды жеңілдету үшін цифрлық құралдарды енгізу мүмкіндігі қарастырылуда.

Премьер-Министрдің Қызылорда облысына жұмыс сапарына негіз болған басты мәселелердің бірі – су үнемдеу технологияларын енгізу және су инфрақұрылымын дамыту. Үкімет басшысы ел Президентінің Кіші Аралды сақтау және дамыту жөніндегі тапсырмаларының орындалу барысымен танысты, атап айтқанда, Қараөзек су қоймасының құрылысына және Көкарал бөгетін реконструкциялау жұмысына назар аударды.

Өңірдің негізгі су көзі – Сырдария өзені. Соңғы бірнеше жылда өзен суының азаюына байланысты Солтүстік Аралда жиналған судың орташа жылдық көлемі жобалық 27 млрд текше метрден 2022 жылы 18,9 млрд текше метрге дейін төмендеді. Бүгінгі таңда су ағынын секундына 6 текше метрден 50 текше метрге дейін ұлғайту бойынша қабылданған шаралар нәтижесінде Солтүстік Аралда су көлемі 21,4 млрд текше метрді құрады, яғни жыл басынан бері 1,5 млрд текше метр су келді. Облыстың әлеуметтік-экономикалық дамуы мен экологиялық жағдайы Сырдария өзені бассейнінің сумен жабдықталуына тікелей байланысты екені анық, дарияның жағасында елді мекендердің 85%-ы орналасқан.

Бүгінгі таңда өңірде су үнемдеу технологиясы белсенді түрде енгізілуде. Облыста 286 мың га суармалы жер бар, оның 185-190 мың гектарына ауыл шаруашылығы дақылдары егіледі. Мемлекет басшысының егістікті әртараптандыру тапсырмасы бойынша биыл күріш алқабы 6 мың гектарға қысқарды. Лазерлік тегістеу күріш алқаптарын суаруға жұмсалатын судың шығынын азайтуға мүмкіндік берді. Инновациялық технологияның арқасында соңғы 10 жылда суды 20%-ға дейін үнемдеуге және өнімділікті 30%-ға дейін арттыруға мүмкіндік туды. Бұдан басқа, өңірде басқа да су үнемдеу технологияларын енгізу көлемі биыл 4,2 мың гектарға жетті, 2030 жылға дейін бұл көрсеткішті 34,2 мың гектарға дейін ұлғайту жоспарланған. Осы бағытта қазіргі уақытта өңірде жалпы ауданы 4,8 мың га болатын 3 ірі инвестициялық жоба жүзеге асуда.

– Мемлекет басшысы су үнемдеу технологияларын енгізуді жеделдетуді тапсырды. Сырдария өзеніндегі су тапшылығын ескере отырып, жерасты суларын ұтымды пайдалану мақсатында Су ресурстары және ирригация министрлігіне жерасты су көздеріне зерттеу жүргізуді тапсырамын», – деді Олжас Бектенов.

Премьер-Министр Су ресурстары және ирригация министрлігіне сыйымдылығы 775 млн текше метр болатын Қараөзек су қоймасын салу бойынша Қызылорда облысында іске асырылып жатқан жобаны қаржыландыруға ұсыныс енгізуді тапсырды. Жаңа техникалық құрылыстың негізгі мақсаты – Көкарал бөгеті арқылы Үлкен Арал теңізіне қайтарылмайтын судың бір бөлігін сақтау. Бұл шаралар вегетациялық кезеңде Қазалы ауданының 31 мың гектар егістік жерлерін және арна бойында орналасқан 11 мың га шабындық пен жайылымды сумен қамтамасыз етеді. Қараөзек су қоймасы елімізде басым тәртіппен салынуы тиіс 9 су инфрақұрылымы объектілерінің тізбесіне енгізілген.

Үкімет басшысына биыл аяқталатын Көкарал бөгетін реконструкциялау жоспары баяндалды. Жобаны іске асыру аясында бүлінген бөгет, сондай-ақ Қарашалаң және Тұщы көлдері арқылы теңізге шығатын арналар қалпына келтірілмек. Олжас Бектенов су ресурстарын тиімді пайдалану, су жинау лимиттерін және Сырдария мен Амудария бассейндері бойынша су қоймалары каскадының жұмыс режимдерін сақтау мәселелерінде көрші елдермен жұмысты жалғастыратынын атап өтті.

**«Ақмешіт-ақпарат»**

**Қуат ШАРАБИДИНОВ,**
**облыстық «Сыр бойы» газетінің бас редакторы,**
**Қазақстан Журналистер одағының облыстық филиал төрағасы:**

# ҰЛТ БОЛАШАҒЫ ҮШІН АТҚАРЫЛАР ІСКЕ ҮН ҚОСА БЕРЕМІЗ



**– Аға, ең әуелі кәсіби мереке және басылымның мерейтойы құтты болсын. Оқырманды қандай жаңалықтармен қуантасыздар?**

– Әрине, қалам ұстаған журналистер қауымының дәстүрлі мерекесі құтты болсын! Жаздың ортасында келетін осы мерекенің өзіндік реті мен орны бар. Бұған дейін мәдениет және өнер, содан кейін медицина қызметкерлерінің төл мерекесі жоғары деңгейде салтанатты түрде аталып өтті. Осы салалармен қатар, журналистика да қоғам дамуына қомақты үлес қосып келеді. Ең бірінші, тілдің, ойдың, мәдениеттің, дәстүрдің, бәрінің төрт тағанындай руханияттың маңызды мерекесі деп қабылдау керек.

«Сыр бойы» газетінің 95 жылдығына орай бірқатар қаламгерлер атындағы дәстүрлі турнирді өткіздік. Жуырда облыстық деңгейде Оразбек Мақсұт атындағы билярдтан дәстүрлі турнир өтті. Сәтін салса, күзге қарай Қалқабай Әбенов атындағы шығармашылық байқаудың қорытындысын жариялаймыз. Кәсіби мерекеден кейін газетіміздің 95 жылдығына орай аудандарда оқырмандармен кездесу өткізуді жоспарлап отырмыз.

**– Алла бұйыртса, ғасырға бір қадам қалды. Қалай елестетесіз?**

– Мереке қарсаңында облыстық «Сыр бойы» газеті өзінің 95 жылдығын атап өткелі отыр. 1929 жылдың 1 шілдесінен бері шығып келе жатқан басылымның осы кезге дейінгі тарихы, жүріп өткен жолы, басылымда қызмет еткен аға буынның шығармашылығы қай кезде де биік мәртебесін, лайықты бағасын алды. 95 жыл адам үшін карттық кезең шығар, бірақ газет үшін нағыз жаңару мен жасарудың, қоғаммен бірге тыныстау, жаңа буынның алмасуымен өзінің жолын ары қарай жалғастырып, сол жолда өзінің жеткен бір белесі деп қабылдау керек. Жүз жылға бір қадам қалды, енді бес жылдан кейін «Сыр бойы» газеті ғасырлық тойын тойлайды деп бек сеніммен айта аламыз. Өздеріңізге мәлім, биыл республикада бірқатар аймақтық басылымдар ғасырлық мерекесін атап өтті. Сол басылымдардың өмір тарихында қандай жаңалықтар болса, облыстық «Сыр бойы» газетінің жүріп өткен жолында дәл сондай жаңалықтар болды. Кеңестік жүйеде қызмет етті, тәуелсіздік алғаннан кейін елдің руханиятын көтеруге, еңбекші қауымның, ауыл халқының мүддесін қорғап, солардың үнін жеткізуге, өзге де ел оқиғаларын айтып, жылт еткен жаңалықтармен хабардар етуде, ел ішіндегі авторлардың ой еңбегін танытуда – осылардың барлығын елге насихаттауда өз ұстанымын, өз жолын жалғастырып келді. Ғасырлық мерейтойға басылым өзінің салған сара жолымен, қоғамға, уақытқа сай жаңарып, жасарып жететініне сенемін.

**– Ұжымда қазақтың талай марғасқасы еңбек етті. Қазақ журналистикасының тарихында алтын әріптермен жазылған тұлғалардың қолтаңбасы қалған басылым. Оларға құрмет ретінде қандай іс атқарылуда?**

– Ғасырға жуық тарихы бар газет редакциясында талай марғасқа азаматтар мен азаматшалардың еңбек еткенін тарихтан жақсы білеміз. Көзіміз де көрді. Осы газет ісіне араласқан 23 жылдың көлемінде аға буын өкілдерінің бірқатарымен араластық. Қызметтес болдық, сыйластық. Әрбірден соң іссапарларға бірге шығып, олардың мол тәжірибелерін алдық. Тәжірибенің аты – тәжірибе. Бұған дейінгі «Сыр бойының» ақпараттық кеңістіктегі беделі өте зор болды. Қазір де сол үлкендер салған салған сара жолды жалғастыруға тырысып, қал-қадірімізше жұмыс істеп келеміз. Әрине, сырғыған уақытпен бірге түрлі өзгерістердің болуы заңдылық. Тәуелсіз елімізде де көптеген өзгеріс болып жатыр. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлының кейінгі жылдардағы үлкен саясаты, үкіметтің ұстанып отырған бағыты, облыс басшылығының бұқаралық ақпарат құралдарына деген көзқарасы – осының барлығы мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізудегі үлкен дәнекерлік. Біз әрі қарай да әділетті Қазақстан, әділетті қоғам, адал адам, адалдық принциптерін ұстанған қоғамда болашақ үшін өскелең ұрпақтың ендігі жақсы жолы, жақсы өмірі үшін атқарылар іске әлде де үн қоса береміз.

Газеттің тарихына байланысты осы арада айта кету керек, осыдан екі жыл бұрын «Сыр журналистикасының тарихы» атты бес томдық жинағы жарық көрді. Бұл үлкен еңбек деп бағаланып, жер-жерден мықты журналистер мен жазушылар, шығармашылық өкілдері, қоғам қайраткерлері қатысып, мұндай еңбектің басқа өңірлерге үлгі болу керегін айтты. Міне, «Сыр бойы» газеті облыстың ата басылымы ретінде осы бес томдықтың алғашқы томының жүгін көтерді. Кітапқа енгізу үшін біз бұған дейін екұшты айтылып келген ең алғашқы редактор, ең алғашқы жарыққа шыққан нөмірі туралы біраз іздендік. Қазақстанның архивінен табылмаған дүниелер Ресейдің архивінен шықты. Ресейдің ұлттық кітапханасынан біз «Сыр бойы» газетінің латын қарпінде жазылған ең бірінші нөмірінің түпнұсқасын таптық. Сол нөмірде шығарушы редакторы ретінде Батырғали Халықұлы деген азаматтың қол қойғаны жөнінде деректерге қанықтық. Одан кейін Катаулин, Сағатов, Сүйінов деген кісілер газетке қол қойған. Қырғи тілді ақын Асқар Тоқмағамбетов, Жиенғали Тілепбергенов те басшылық еткен. Әлі күнге оқырмандар арасында ең алғашқы редакторы Жиенғали Тілепбергенов деген пікір бар. Бұл қалай өзгерді деген сияқты сұрақтар туды. Біз Ресейдің ұлттық кітапханасынан алған дерекке сүйендік. Екіншіден, бұл туралы Әбу-Сәлім Жаманқұловтың «Халық» газетінде жариялаған деректері негіз болды. Жиенғали Тілепбергенов туралы айтатын болсақ, ол – Ақтөбенің тумасы. Ақтөбенің архивіне де хат жібердік. Бірақ ол жақтан мардымды дерек ала алмадық. Осы жерде айта кету керек, шын мәнінде басылымның тарихына байланысты архивтің өз жерімізде, өз елімізде әлі де дұрыс сақталмағаны. Мұның өзі алдағы уақытта бізге тарихта өткен күндердің бағасын лайықты беру үшін ойландыратын мәселе ретінде қарау керек.

**– Бүгінгі шығармашылық топ та осал емес. Редакция ұжымы оқырман алдындағы жауапкершілік үдесінен шығып жүргенін білеміз. Оның үстіне, жаңа заманауи қадамдар жасалып жатқаны қуантады. Бұл ретте газеттің электронды нұсқасы, сайты қандай деңгейге жетті?**

– Оқырманның алдындағы жауапкершілік үдесінен шығу деген өте үлкен әрі терең дүние. Бұл – ең алдымен, оқырманға дұрыс, нақты, түсінікті ақпарат жеткізу. Қазіргі электронды ақпарат құралдары қабаттасып, газеттің қызметін бірге атқарып келе жатқанда, олар қоғамға енгеннен-ақ газеттің рөлі қаншалықты бағалы екенін айқындап келе жатыр. Қазір дәурені өтті, газетке жазылудың қажеті жоқ деген пікірлер бар. Бірақ бірді-екілі адамның ой сарабы тұтас оқырманның қалауы емес. Кешегі пандемия кезінде байқағанымыз, газетті 2-3 күннің, әрі кетсе бір аптаның ішінде таратуға мүмкіндік болмай қалған кезде, оқырмандар іздеп, қоңырау шалды. Менің өзіме Жаңақорған, Арал, Жалағаш аудандарынан оқырмандар хабарласты. Олар «Біз елдегі болып жатқан жағдайдан нақты мәліметті, жаңалықты газеттен білеміз. Неге уақытылы келмей жатыр» деген сияқты пікірлер айтылды. Сондықтан дәл қазір газеттің, баспа құралына қатысты пікір айтқанда салмақты, мәдениетті, әрі парасатты түрде ойланып, жүйелі сөз айтылса екен деймін.

Электрондық нұсқаға байланысты айтсақ, 2014 жылы газеттің сайттары ашылды. Сол уақыттан бері әлсін-әлсін мамандарды іріктеп, оларды оқуға жіберіп, мамандармен пікірлесіп, жан-жақты ізденіп, тәжірибе алмасқанның нәтижесінде газеттің сайты өз деңгейіне келіп қалды. Әрине, бұл деңгей әлі де төмен. Күн сайын жаңалықтарды беруде әлі де кемшіліктеріміз бар. Бірақ газеттің де, сайттың да ұстанатын ең басты ұстанымы – жауапкершілік. Өйткені біз кез келгеннің жеке пікірін жариялай бермейміз.

**– Ата басылымның бас редакторы ретінде бүгінгі оқырманның талабы мен сұранысын қалай бағалар едіңіз? Осы күні оқырманға қандай тақырыптар өтімді?**

– Оқырман талғамынан шығу, әрине оңай емес. Қанша адам болса, сонша пікір бар. Бірақ әр оқырманның жүрегіне жақын тақырыптар болады. Сондықтан газет беттерінде біз мүмкіндігінше түрлі мазмұндағы, түрлі айдардағы материалдарды қамтуға тырысамыз. Сол дүниелерді беруде журналистикадағы жанрлық ерекшеліктерге байланысты ашық айту керек, алдыңғы толқынның, тәжірибелі журналистердің «бұрынғы жанрларды қайтып енгізу керек, ой-пікірі шашыраңқы дүниелерді азайтып, нақты жанрлық мазмұнға көшу керек» деген пікірлерін өзім дұрыс қабылдаймын. Жасыратыны жоқ, қазір интернет желісінде кез келген тақырыпқа кез келген жерде отырып, деректер табуға болады. Бірақ жолсапар очерктер, әңгімелер, репортаждар, басқа да дүниелерді жазу үшін ең бастысы оқиға орнында болып, кейіпкермен бетпе-бет тілдесіп, маманмен көзбе-көз отырып, жағдайдың мән-жайын сұрап, сол арқылы нақты дерекке қол жеткізген жағдайға жетпейді. Әлеуметтік желі шынайы ақпарат көзі емес. Онда да түрлі жалған ақпараттар бар. Сондықтан журналистика, оның ішінде газеттің жаны – елмен етене араласу, оқиғаның ортасында болу, сапарларға шығу. Бір ғана табиғаттың өзін көзбен көріп отырып, оны суреттеп, қағазға түсіру тәрізді шеберлік оқырманға нағыз керек дүние. Біз осы бағыттағы жұмыстарды әлі де ширата береміз. Қазір облыстық газеттің тілшілері кемінде айына бір рет аудандарға сапарларға шығып жүр. Олардың қаламынан туған дүниелер елге өтімдірек.

Біздің ең үлкен тірегіміз – оқырман, оның ішінде тұрақты авторларымыз. Газет өмірге келгелі бері авторлардың еңбегі бір жақ бұрышын алып, басылымның қазанында қайнап жатқан дүниелерге ортақтасып келеді. Қазірдің өзінде сала-сала бойынша өзіндік көзқарасы бар азаматтар мен кешегі қиын өмірді көрген аға буын авторлар газет бетінде тарихты қалыптастырып жатыр. Олардың қатарында Сайлаубай Жұбатырұлы, Жаңабай Кемал, Жұмабай Жақып, Оразбай Қосанов, Темірбек Есжанов, Рысбай Кәрімов тәрізді ағаларымыз бар.

**– «Үркерге» үміттілер көп. Бұл сыйлықтың қолға оңай тимейтіні де анық. Маңдай тер, табанды еңбек жемісі...**

– «Үркер» – ел бойынша берілетін ұлттық сыйлық. Өткен жылы біз осы «Үркерге» қатысу үшін тиісті құжаттарды санаулы күн қалғанда өткіздік. Бірақ сарапшылар үздік аймақтық басылым ретінде «Сыр бойы» газетін таңдады. Біз оған қуаныштымыз. Сарапшылар республикадағы мықты-мықты тұлғалар болды. Басқа өңірлік басылымдар арасынан топ жарып, 2023 жылы «Үркерді» иелену үлкен қуаныш болды. Тарихта қалатын оқиға. Кеңестік кезеңде басылым «Құрмет белгісі» орденімен, мәртебелі грамоталарымен марапатталып келсе, тәуелсіздік жылдары «Алтын жұлдызды» алды. Бұл да ұлттық сыйлықтан кем емес. Президенттің арнайы сыйлығын алды. Міне, осы марапаттар мен газетке деген құрмет өткен жылы «Үркермен» толығып, үмітіміз ұшталып, 95 жылдыққа жақсы бір жетістікпен қадам басқанымызды мақтан етеміз.

**– Бүгінде медиа тренерлер жетерлік. Олардан алған білім журналистердің біліктілігін арттыруға ықпал ете ме?**

– Жасыратыны жоқ, осы кезге дейін тек Қазақстанда ғана емес, бүкіл әлемде пандемияға дейін осындай үрдіс пайда болды. Сөзінің сәл желі бар, қағілез мінезді, бірақ қоғамда атқарған қызметі елге беймәлім адамдарға дейін тренинг өткізіп, ел жағалап, қаншама адамның уақытын алып, қаншама қаржыны желге шашып кеткенін де жұрт жақсы біледі. Бұл, біріншіден, нағыз майталман мамандардың өткізетін дүниесі болу керек, екіншіден, журналиске, шығармашылық өкіліне әуелі Алла берген дарыны, қабілеті, екінші білімі, көзқарасы, үшінші қоғамда болып жатқан оқиғаларға ой-сарабы ғана көмектеседі. Сондықтан медиа саласындағы тренерге байланысты сарапталған нақты шешімдер болу керек. Мен Нұртөре Жүсіп, Бауыржан Омарұлы тәрізді журналистиканың қазанында қайнап, аға буынның мектебінен өтіп, бүгінгі қоғамның тамыр бүлкілін баса алатын адамдардың тренер болып, дәріс өткізгенін қалар едім. Ал жалпылама тренинг өткізу көп жағдайда қисынға келе бермейді. Бұған бір дұрыс көзқарас керек деп ойлаймын.

**– Телеарнада да, газетте де өзіңіздің білікті маман екеніңізді көрсеттіңіз. Әрбір жазған мақалаңыздан ұлттық рухты көруге болады. Бұл жерде кейінгі толқынға қандай кеңес айтар едіңіз...**

– Кейінгі толқынға кеңес айтудан аулақпын. Шығармашылық – деген өте нәзік те күрделі нәрсе. «Оңтүстік Қазақстан» газетінің бас редакторы Абай Балажанның әлеуметтік желіде жақсы ой-танымы жарияланды. Барлық оқырман танысты деп ойлаймын. Соның ішінде журналистердің жағдайына байланысты дәл қазіргі әлеуметтік өткір мәселені көтерді. Шын мәнінде бүгінгі қоғамда сананы билеген тұрмыс жайы қиындатып тұр. Әсіресе, журналистердің, шығармашылық өкілдерінің, баспа БАҚ-та қызмет етіп жүрген азаматтардың әлеуметтік жағдайын жақсарту мәселесін көтергені көптің көңілінен шықты. Көңілі тоқ адамнан жақсы дүние шығады. Оны шығармашылық өкілдері жақсы түсінеміз. Басқа салалардан біздің мамандығымыздың ерекшелігінің көрінетін жері осы.

**– Сұхбатыңызға рахмет. Шығармашылық табыс тілейміз.**

Сұхбаттасқан **Дәулет ҚЫРДАН**

**Бүгінде Сыр өңірінің медиа кеңістігінде барлығы 120 газет, 26 интернет-сайт пен ақпараттық агенттіктер, 2 телеарна бар. Олардың 137-і облыстық, 2-еуі қалалық, 10-ы аудандық деңгейде ақпарат таратады. Бұл туралы 28 маусым – БАҚ өкілдерінің мерекесіне орай өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте облыстық қоғамдық даму басқармасының басшысы Алмасбек Есмаханов айтты.**



# ӨҢІРЛІК МЕДИАНЫҢ ӨРІСІ КЕҢ

– Өздеріңіз білетіндей, ақпарат ағымы тоқтаусыз ағып жатқан қазіргі қоғамда ашық әрі шынайы жаңалықтарды дер кезінде халыққа жеткізу аса маңызды. Бұл ретте телеарналар, басылым және интернет сайттардың сапалы жұмыс жасап, әлеуметтік желілерде ерекше контент қалыптастыруы медиа саласының серпінді дамуына ықпал ететіні анық. Бұл өз кезегінде осы салада аянбай еңбек етіп, бар қажыр-қайратын жұмсайтын журналистер қауымының ерекше еңбегі деп білеміз. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев «Әділетті Қазақстанды құру үшін қоғамда құндылықтар жүйесін жаңғыртып, ұлттың жаңа сапасын қалыптастырудың мән-мағынасы зор. Бұл бағытта еңбекқорлық пен білімді болу, адал азаматқа тән қасиеттерді дәріптейтін масс-медиа өкілдері айрықша рөл атқарады» деп атап өткен болатын. Жуырда Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы «Масс медиа» туралы заңға қол қойды. «Журналистің ерекше мәртебесі» деген ұғым енгізілді. Ендігі кезекте қалам ұстаған қауымның құқығы заңмен толық қорғалады. Бұл заң – бұқаралық ақпарат құралдарын заман көшіне ілестіруге, саланы дамытуда жасалып жатқан ауқымды жұмыстардың бірі ғана , – деді басқарма басшысы.

Өңірдің медиа саласы ақпарат таратуда заманауи әдіс-тәсілдерді тиімді игеріп келеді. Оның ішінде заман талабына сай медиа саласына жасанды интеллект тілшілердің келуін ерекше атап өтуге болады. Бұл ретте Қызылорда облысының өңірлік коммуникациялар қызметі, қалалық «Ақмешіт апталығы» газеті, «Qyzylorda» телеарнасы жаңа бағытта ізденіс жасап, жұртшылыққа тың дүниелер ұсынуда.

Еліміздің қоғамдық-саяси, экономикалық ахуалын тұрақты, шынайы ақпараттандыруда «Сыр медиа» ЖШС мекемесінің алар орны ерекше. Қазіргі таңда мұнда 200-ден астам қызметкер журналистика саласының дамуына үлес қосуда. Оның ішінде 1 республикалық, 2 облыстық, 1 қалалық, 7 аудандық басылым мен 13 ақпарат агенттігі жұмыс істейді. Бұдан бөлек, мекемеге қарасты басылымдарға жазылуды қамтамасыз ету, газеттің оқырмандар қолына уақытында жетуі үшін тарату қызметі де бар.

Сонымен қатар тәуелсіздік алған жылы алғашқы эфирін көрерменге ұсынып, бүгінде жағымды жаңалық, қызықты бағдарламаларымен өз аудиториясын қалыптастырған «Qyzylorda» телеарнасы да аймақ журналистикасының дамуына сүбелі үлес қосып келеді. Аталған телеарна биыл жыл сайын дәстүрлі түрде өтетін «Тұмар» телевизиялық байқауына бірнеше номинациялар бойынша қатысуда.

Брифинг барысында басқарма басшысы Алмасбек Есмаханов биыл Сыр журналистикасында айшықты орны бар бірқатар басылымдардың мерейтойы екенінде ерекше атап өтті.

– 1 шілде күні еліміздегі ең байырғы басылымдардың бірі – «Сыр бойы» газетінің жарыққа шыға бастағанына 95 жыл толады. Қазақ журналистикасы мен әдебиетінің алыптары Жиенғали Тілепбергенов, Асқар Тоқмағамбетов, Зейнулла Жарқынбаев, Ұзақ Бағаев, Қалқабай Әбенов сынды ағаларымыздың қолтаңбасы қалған «Сыр бойы» басылымы өткен жылы «Үркер» ұлттық сыйлығын алып, еліміздегі «Ең үздік өңірлік басылым» номинациясын иеленді. Ата басылым Сыр қаламгерлерінің, журналистердің ұстаханасына айналды. Өз оқырманының рухани серігіне айналған газет алдағы ғасырлық белесті де абыройлы бағындырады деп сенеміз. Бұдан бөлек, биыл Жалағаш аудандық «Жалағаш жаршысы» басылымының 90 жылдығы, Шиелі аудандық «Өскен өңір», Сырдария аудандық «Тіршілік тынысы» газеттеріне 85 жыл, Қызылорда қалалық «Ақмешіт апталығы» газетінің жарық көргеніне 30 жыл толуда. Аталған басылымдардың мерейтойы аясында бірқатар іс-шаралар ұйымдастырылатын болады, – деді Алмасбек Әбілқасымұлы.

**«Ақмешіт-ақпарат»**



**Облыстық «Qyzylorda» телеарнасының редактор–жүргізушісі Әйгерім Нажмадин:**

# Көрермен көзайымына айналу үлкен ізденісті талап етеді

**«Qyzylorda» телеарнасындағы «Қайырлы күн Қызылорда!» – көрермен көңілінен шыққан бағдарламалардың бірі. Әсіресе жаңа есімдерді танытуымен ерекше. Кәсіби мерекеде бағдарлама тізгінен ұстаған Әйгерім Нажмадинмен сұхбаттастық.**

**− Қазіргі таңда сіз «Қайырлы күн Қызылорда!» бағдарламасын жүргізіп келесіз, бұл бағдарлама сізге несімен ерекше?**

− «Қайырлы күн Қызылорда!» – ақпараттық танымдық сазды бағдарлама. Аптасына 5 рет шығады. Бағдарламада ақпараттық танымдық тақырыпта өзекті мәселелер талқыланып, кейіпкерлермен сұхбаттасамыз. Түрлі салада еңбек етіп жүрген жаңа есімдерді таныстыру, өнер адамдарымен сұхбат құру – бағдарламаның бір ерекшелігі. Соңғы кезде жастардың арасында робототехника, жасанды интелектіні дамытып жүрген оқушылар, студенттер және жас мамандардың қатары көбейіп келеді. Оларды осы бағдарлама арқылы елге насихаттау мақсатында халыққа көрсетіп келеміз. Бағдарлама мен үшін осынысымен ерекше.

**− Бұған дейін газет тілшісі болып еңбек еттіңіз. Эфирге шығу қиын болмады ма?**

− Осы уақытқа дейін республикалық қоғамдық-саяси «Халық» газетінде жұмыс істедім. 2 курстан бастап газет редакциясында, облыстық радиода жұмыс істедім. Жалпы кез келген журналист алғашқы еңбек жолын газеттен бастағаны дұрыс деп ойлаймын. Өйткені газет – шығармашылықты шыңдайтын мектеп. Нұрлан Көбегенұлы мен Нұржан Нұрмағанбетов – журналистика саласындағы ұстаздарым. Себебі қанатымды қомдауға, шеберлігімді шыңдауға, қоғамда болып жатқан оқиғаларға сын көзбен қарауға үйретті. Егер журналисте қырағы, сыни көзқарас болмаса, оның қоғамда орны болмайды деп ойлаймын. Өйткені кез келген журналист өзекті мәселелер мен түрлі ақпараттардың, оларды жіктеуге өзіндік ойы мен сыни көзқарасы болуы керек.

Газеттен телеарнаға ауысу мен үшін аса қиын болған жоқ. Себебі тележүргізуші болу бала күннен арманым еді. Бала күнімде талай айна алдында диктор болғанымның да көмегі көп болды. Оның үстіне жаңа технология дамыған уақытта әлеуметтік желі арқылы тікелей эфирге шығу телевизияға дейінгі дайындық болды десем артық айтқандық емес.

**− Алғаш экранға шығатын сәтте қандай сезімде болдыңыз?**

− Эфирге шығарда кез-келген адамда толқу, қобалжу болады, екіншіден, камераның мысы басады. Әрине, уақыт өте келе қобалжу басылды. Дегенменде әр эфир үлкен жауапкершілік, ізденіс, дайындықты қажет етеді.

**− Жұмыс барысындағы қызықты сәттер...**

− Теларнаға келгеніме әлі бір жыл толмаса да, қызықты сәттер аз емес. Мәселен, суырып салма айтыскер ақындармен сұхбаттасқанда тосыннан сөз табу, тығырықтан шығып кету сияқты қасиет, қабілет керек екен. Яғни әр кейіпкермен сұхбаттасу өзінше қызық. Бірде бағдарламаға ешкі бағатын кәсіпкер әйелді шақырдым. Ол студияға кубокпен келді. Содан эфир басталып, әңгімелесіп отырғанда көзім кубокка түсіп кетті. Сосын «кешіріңіз, сөз арасында сұрай кетейін, студиямызға кубок алып келген екенсіз, бұл қандай кубок? Қандай байқаудан алдыңыз?» деп сұрақ қойғанымда, кәсіпкер «бұл менің ешкілерімнің халықаралық конкурстан жеңіп алған кубогы» деген сәтте, тікелей эфирде «Өлә, қандай конкурс?» деп қалып, эмоциямды жасыра алмай күліп жібердім. Тікелей эфирдегі бұл қылығыма өзімнің күлкім келді, алайда өзімді тез жинап алдым. Сөйтсем кәсіпкер халықаралық конкурсқа қатысқан екен. Сол конкурста асыл тұқымды ешкілердің салмағы, күніне қанша литр сүт беретіні сараланып, орын алады екен. Айта берсек, қызықты сәттер көп. Негізі эфир барысында қателік кететін сәттер болады. Эмоцияға беріліп кетеміз. Бірақ кейін сол қателіктерді түзеуге тырысамыз.

**− Әлеуметтік желіде де белсендісіз. Бұл заманның талабы ма, әлде мамандықтағы қажеттілік пе?!**

− Әлеуметтік желі өмірімнің бір бөлшегіне айналды десем болады. Мен көбінесе Facebook пен Instagram қолданамын. «Facebook» әлеуметтік желісіндегі парақшама қысқа-нұсқа пост салып тұрамын. Кейде қоғамдағы өзекті мәселені әзіл арқылы жеткіземін. Жалпы менің жазбамның 90 пайызы – әзіл-шыны аралас. Әлеуметтік желідегі белсенділікті мамандықтағы қажеттілік деп айта алмаймын. Себебі әлеуметтік желіде белсенді болмаса да өз жұмысына бесаспап әріптестерім аз емес. Бірақ өз басым әлеуметтік желісіз жұмысымды елестете алмаймын.

**– Сұхбатыңызға рахмет!**

Сұхбаттасқан
**Нәзира МҰҚАТАЕВА**

# МӘТІНБЕК ПЕН АҚҚАҒАЗ: жасанды интеллект – жаңа дәуірдің медиа жаршысы



## Медиа саласында жасанды интеллектіні пайдалану

Заманауи медиа индустрияда жасанды интеллект технологияларын енгізу «болашақ құбылысы» ғана емес, қазірден өзекті болып отырған шындық. Жасанды интеллект БАҚ-та ақпаратты жинау мен мазмұнды генерациялаудан бастап жаңалықтарды таратуға дейін кеңінен қолданылады. «Қазірдің өзінде ЖИ жүйелері медиа нарықта оң көзқарасқа ие болып, басқа да ақпарат құралдарымен бәсекеге түсе бастады», – дейді «Reuters» институтының сарапшылары. Осыны ескеріп, жасанды интеллектіні жұмыс барысына енгізетін бұқаралық ақпарат құралдары жақын арада медиа нарық көшбасшысы болу ықтималдығы жоғары дейді сарапшылар.

Жасанды интеллект жаңалықтарды жинауға, талдауға және таратуға көмектесетін заманауи журналистикада маңызды рөл атқарады. Жасанды интеллект үлкен көлемдегі деректерді талдау үшін пайдаланылады, бұл журналистерге дәстүрлі зерттеу әдістері арқылы анық болмауы мүмкін ақпаратты жылдам табуға мүмкіндік береді. Мысалы, жасанды интеллект трендтегі тақырыптар мен жаңалықтарды анықтау үшін әлеуметтік медианы және басқа деректерді талдай алады.

**Журналистикада жасанды интеллектіні қолдануды бірнеше түрге бөлуге болады:**

***Ақпарат жазу.*** Нейрондық желілер деректер мен дереккөздерге негізделген ақпаратты автоматты түрде мақала жазу үшін қолданылады. Бұл журналистерге жаңалықты дер кезінде жариялауға, ал оқырмандарға дәл уақытында қажетті ақпаратты беруге мүмкіндік береді.

***Деректерді іздеу және талдау.*** Жасанды интеллект журналистерге түрлі ақпарат көзінен деректерді жинауға және талдауға көмектеседі. Бұл трендтерді анықтауға, терең аналитикалық қорытындылар жасауға негіз болады.

***Сұранысқа жауап беру.*** Жасанды интеллект алгоритмдері оқырманның қалауына сай қызықты жаңалықтар мен мақалаларды ұсына алады.

***Ақпаратты тексеру.*** Нейрондық желілер ақпараттың дұрыстығын және факт-чекингті тексеруге қабілетті, бұл жалған ақпаратпен күресуге көмектеседі. Жаңалықтың нақтылығы мен сенімділігін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Фактілерді тексеруде жасанды интеллект қатені жылдам анықтау үшін үлкен дерекқорлар мен тарихи жазбаларды салыстыру арқылы жақсы көмектеседі. Бұл ақпараттың дәлдігі мен сенімділігін арттырып, фейк ақпараттарды болдырмауға ықпал етеді.

***Жұмыс барысын автоматтандыру.*** Журналистикада нейрондық желілерді пайдалану деректер жинау, мақала жазу, мәтіннің бірегейлігін тексеру сияқты көптеген тапсырманы автоматтандыруға мүмкіндік береді. Сондай-ақ жасанды интеллект оқырмандардың қалауы мен желідегі мінез-құлқын талдау арқылы талғамға сай ақпарат беруге, медиа платформаларға неғұрлым өзекті және қызықты ақпарат ұсынуға мүмкіндік береді. Бұған қоса, жасанды интеллект аудио және бейнедегі ақпаратты түрлендіріп, мәтінге айналдыру сияқты күнделікті тапсырмаларды автоматтандыруға көмектеседі, бұл журналистердің тез әрі тиімді жұмыс істеуде уақытын үнемдейді. Сонымен бірге жасанды интеллект ақпаратты жалпы жұртшылық үшін тиімді және түсінікті ететін күрделі графиктер мен инфографиканы жасау арқылы деректерді визуализациялауға көмектеседі. Бұл деректерді көрнекі түрде көрсету мен түсінуді айтарлықтай жеңілдететін экономикалық, ғылыми және техникалық тақырыптар үшін өте маңызды.



*«Апталықтың» инфографикасы*

## Жасанды интеллект және жаһандық тәжірибе

Heliograf (The Washington Post) – жасанды интеллект негізіндегі болашағы бар құрал. 2016 жылы «The Washington Post» спорттық шараларды көрсету үшін Heliograf ботын енгізді, көп ұзамай ботқа АҚШ сайлау күнінің барысы туралы жедел ақпараттандыру тапсырылды. Бот 500-ден астам қысқа хабарлама жазу арқылы журналистерден бірнеше есе жылдам ақпарат беріп отырды. Бот – бұл белгілі бір алгоритм бойынша кез келген әрекеттерді орындауға қабілетті бағдарлама. Алғашқы жылы Heliograf 850-ге жуық ақпарат таратып, оның 500-і сайлауға арналған. Ол нақты уақыт режимінде жағдайдың өзгеруін бақылап, ақпаратты өңдеу арқылы журналистерге аналитикалық дағдыларды қажет ететін маңызды ақпаратты талдауға мүмкіндік берді. Компанияның жетекші инженері Сэм Хан келесі қадам тақырыптар тізімін кеңейту және аналитикалық мүмкіндіктерді енгізу деп санайды. Алғашқы жылы бот 500 мыңнан астам оқырман тартты.

RADAR (Reporters And Data And Robots, Press Association ақпараттық агенттігі) Google қаржыландыратын жоба. Жасанды интеллект және тіл дағдыларын меңгеріп, сын есімдермен, метафоралармен және салыстыру арқылы күрделі сөйлем құра алатын жүйе. Жасанды интеллект ашық дереккөздерден ақпарат іздеп, оларды қайта жазып, аймақтық ақпарат агенттіктері мен газеттерге береді. Роботтар Ұлыбритания мен Ирландиядағы БАҚ үшін айына шамамен 30 000 жаңалық жаза алады деп жоспарлануда. Бұл жоба бюджеті төмен аймақтық басылымдар үшін пайдалы болуы мүмкін. Google бұл жүйені дамытуға қазірдің өзінде 807 000 доллар қаржы жұмсаған.

Soccerbot – (Оңтүстік Кореяның Yonhap жаңалықтар басылымы) 2017 жылдың 14 тамызында жұртшылыққа ұсынылған «ақылды» спорт журналистикасының тағы бір өкілі, жылнамалық бот. Тұсаукесер кезінде бот футбол матчтарының нәтижелері туралы 380 ақпарат жазып, ойын аяқталғаннан кейін 1-2 секундтта жариялады. Бағдарламаның алгоритмі келесідей: бот көрсетілген бес ақпараттық көзден түсетін ақпаратты жинайды және салыстырады, мәтінін жазады, грамматиканы, өзін-өзі бақылай алады.

News Tracer (Reuters) - Рейтерстің деректер және инновациялар бөлімінің бас редакторы Рег Чуа ұсынған. Алгоритм Twitter әлеуметтік желісіндегі жаңалықтарды анықтау үшін қолданылады, сонымен қатар жалған ақпаратты сүзуге қабілетті. 2014 жылдың соңынан бастап пайдалануда. Ақпарат дереккөзі ретінде Twitter таңдалды, себебі жаңалықтардың 10-20 пайызы осы әлеуметтік желіден келеді. Жүйе нақты уақытта Twitter-де жарияланған барлық жазбаларды талдайды. Осылайша, күн сайын 500 миллион ақпаратты тексереді. Жұмыс алгоритмі келесідей: біріншіден, жарнама мен спам жойылады, содан кейін ақпараттар бизнес, саясат, спорт тақырыптары бойынша бөлініп, зерттеледі, содан кейін ақпаратты талдап және әрбір тақырыптың қысқаша сипаттамасын құрастырады.

## ЖИ аватарларын пайдалану

Жасанды интеллект аватарлары немесе виртуалды жүргізушілер заманауи медиа әлемдегі жаңа трендке айналуда. Шынайы виртуалды кейіпкерлерді жасау үшін машиналық оқытуды және тілді өңдеуді пайдаланатын бағдарламалық құрал. Аватарлар жаңалықтар бағдарламасын жүргізіп, қонақтармен сұхбат жүргізе алады, тіпті аудиториямен араласа алады. Олардың артықшылығы тәулік бойы шаршамай жұмыс істеу, сондай-ақ жаңалықтарға тез бейімделу қабілеті бар.

Жасанды интеллектіні бұқаралық ақпарат құралдарында қолдану журналистикаға жаңа мүмкіндіктер береді. Виртуалды жүргізушілер күнделікті оқиғаларға дереу жауап беру немесе тәулік бойы хабар тарату қажет болған жағдайларда пайдалы болуы мүмкін. Бұған қоса, олар көрерменнің немесе тыңдаушының талғамына сай қызмет көрсете алады.

Бірден бір мысал, Odisha TV Үндістандағы Лиза атты алғашқы аймақтық жасанды интеллект жаңалықтар жүргізушісін іске қосты. Оның бірнеше тілде, соның ішінде үнді диалекті одия және ағылшын тілдерінде сөйлейтін ерекше қабілеті бар. Лизаның пайда болуы Үндістандағы медиа саласын жаңа леп әкелумен қатар, журналистикадағы революциялық сәтті білдіреді. Лиза Үндістандағы алғашқы ЖИ жүргізушісі емес, оның алдында Сана (Сона) болған. Ол 2023 жылдың наурыз айында India Today арнасында пайда болды.

Қытайда 2018 жылы China Xinhua News мемлекеттік телеарнасында әлемдегі алғашқы виртуалды жаңалықтар жүргізушісі іске қосылды. Оны Sogou терең оқыту технологиясы негізінде жасаған. Ан Цзы есімді жасанды интеллект жүргізушісі адамның сөйлеуіне, қимылына еліктей алады.

Ал 2021 жылы Қытайда CCTV және Bailey ымдау тілінде сөйлесетін жүргізушіні шығарды. Кувейт өзінің виртуалды жаңалықтар жүргізушісін енгізді. Оның аты Федха, ол арабша сөйлейді. ЖИ жүргізушілері Тайваньда, Индонезияда және Малайзияда бір уақытта бұқаралық ақпарат құралдарында пайда болды.

## Қазақ журналистикасындағы жаңалық

Қазақстанда ЖИ аватарларын қалай қолданылатыны туралы бізде әлі көп мысал жоқ. Санаулылардың бірі – «Atameken buisness» арнасындағы i-Sanj және i-Sana есімді жасанды интеллект жүргізушілері. 2023 жылы 7 наурызда қосылған ЖИ тілшілері көрерменге ақпарат ұсынып келеді.

## Мәтінбек пен Аққағаз

Өңірімізде жасанды интеллект арқылы әзірленген цифрлық жаңалықтар аватарын жасауда алғашқылардың бірі болдық. Мәтінбек есімді ЖИ тілшісі, одан кейін Аққағазды эфирге шығару үлкен еңбекті қажет етті. Мен осы кейіпкерлердің авторы болғанымды мақтан тұтамын. Олар коммерциялық мақсатта емес, аймақ жаңалықтарын жариялау үшін құрылған. Олардың түрлерін қазаққа ұқсату үшін ізденуге, зерттеулер жасауға тура келді. Мұнан соң үлкен көлемдегі ақпаратты өңдеп, оларды түсінікті және қызықты жаңалықтарға айналдыра алатын қолайлы жасанды интеллект таңдалды. Мәтінбек пен Аққағаздың дизайны тартымды болуы және көрермендердің қызығушылығын ояту үшін бейнелерге мұқият қарадық. Олардың сыртқы келбетін, киімін, қимылына мән беріп жасалды. Аватарлардың дауысы анық болуы және жаңалықтарды оқу барысында дауыс ырғағының бейімделгеніне көз жеткізу үшін көптеген сынақтан өтті. Бұл ұзақ және қиын процесс болды, бірақ нәтиже күткеннен де жақсы шықты. Мәтінбек көрермендер арасында тез танымал болып, жаңалықтарды беруде ерекше стилі жаңа аудитория тартып, аймақ жаңалықтарына қызығушылықты арттырды.

Айта кетейік, Мәтінбек пен Аққағаз жай ғана аватарлар емес – олар жасанды интеллект технологиялары басты рөл атқаратын журналистикадағы жаңа дәуірді бейнелейді. Оларды дамыту тек техникалық білімді ғана емес, сонымен қатар шығармашылық көзқарасты қажет етті. Мысалы, аватарлардың аудиториямен өзара әрекеттесуі үшін жаңалықтардың эмоционалдық реңкін көрсетуге мүмкіндік беретін түрлі жүйелер зерттелді.

Болашақта Мәтінбек пен Аққағаздың мүмкіндігін әлі де дамыту, атап айтқанда, аудиториямен интерактивті диалогтар жүргізу мүмкіндігін жасау үшін ізденіс жұмыстары жалғасуда.

Мәтінбек пен Аққағаз – жасанды интеллект пен адам шығармашылығы тоғысқан, ақпараттық кеңістікке жаңа леп әкелген медиадағы жаңа дәуірдің жаршысы деуге де болады.

**София ХАЙРУЛЛАҚЫЗЫ**

**Басы 1-бетте**

# БРИФИНГТІҢ ҒАНА ЕМЕС, ЖАҢА ИДЕЯЛАРДЫҢ ДА АЛАҢЫ

**Былайғы сәтте өңірлік коммуникациялар қызметінің көтерер жүгі мен немен айналысатынын көпшілік біле бермейді. Бар білетініміз – орталықтың алаңы брифингтерді ұйымдастыратыны. Әсте, мұнан да өзге қызметтері жетерлік. Мереке қарсаңында қалың бұқара мен биліктің арасына алтын көпір болып жүрген журналистердің бір қызметін бойына сыйдырған орталықтың жұмысымен танысып қайтқан едік...**

Көзілдірігін тағып алып, көгілдір экраннан орамды ойлар мен ұтымды сөз тіркестерімен мәселеге дөп түсіп, халықтың көкейіндегісін табатын журналист қыз Қызылорда қоғамдық телеарнасындағы «Аптаның алты ауызы» ақпаратты сараптамалық бағдарламасын жүргізетін. Тіпті оның есімін ел жадында жаттап, «Бүркітбаева қайда кеткен?» деп те іздегендер болды. Міне, сол Гүлнұр Бүркітбаева – бүгінде осы орталықтың басшысы. Қағазы мен қаламын арқалап, түйткілді түйіннің тарқауын іздеген әріптестері мен жағдайға қарай мәлімдеме жасайтын басшыларды байланыстырып жүреді. Бір өзі емес, қазір біртұтас командаға айналған.

– Біздің орталық тек брифингтің ғана емес, жаңа идеялардың да алаңына айналды. Негізі біздің бірнеше қызметіміз бар. Жаңалықтар мен ақпараттық контентті қалыптастыру бөлімі, түсініктемелер беруді ұйымдастыру және мониторинг бөлімі жұмыс істейді. Әрбірінің өз алдына жауапкершілігі, өзінің көтерер жүгі бар, – дейді Гүлнұр Бүркітбаева жұмысын таныстырып жатып.

Жыл басынан бері орталықта 200 брифинг өтсе, 14 көшпелі брифинг пен 14 баспасөз туры ұйымдастырылып, аймақтың оң имиджін қалыптастыруда бірталай шаруа атқарылды. Жалпы саны 268 спикер орталықтың ақпарат алаңында мәлімет берді. Тағы бір айта кетерлігі, ақпарат алаңында өткен брифингте негізінен әрбір мекеменің бірінші басшылары келеді. Бұл өңірлік коммуникациялар қызметінің қоғамдағы маңызы мен абырой-беделін байқатса керек-ті.

– Біздің спикерлеріміздің қатарында ҚР Денсаулық сақтау министрі Ақмарал Әлназарова, ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау вице-министрі Нұргүл Ерікқызы да бар. Елге белгілі есімдер, еңбек адамдары, облысқа белгілі меценаттар да осы мінберде тұрды. Бір ерекшелігі, бұрын-соңды мұндай жерге келмеген еңбек адамдарын да шақырдық. Олардың қуанышында шек болмады. Жұмысың арқылы өзгеге қуаныш сыйлаудың қаншалықты бақыт екенін ұғындық, – дейді Нұрай Ақжігіт.

Орталықтағылар өздерін тек үйлестіруші ғана емес, журналист ретінде де сезінеді. Әрине, онысы дұрыс. Мәселен, биыл облыста салынып жатқан нысандар мен ел игілігіне пайдалануға берілген жаңа ғимараттарды, сондай-ақ, өңірдегі көз тартар көрікті жерлерді халыққа көрсетуде де туындылары төрге озып, елдің ықыласына бөленді. Міне, тұрақты түрде көрерменге ұсынылып жүр. Сондай-ақ танымал тұлғалардың біз білмейтін қырларын жұртшылыққа жеткізу мақсатында «10 сұрақ» бағдарламасы да бізді тамашалайтын көрермендердің оң бағасын алды. Қала тұрғындарының пікірін білу үшін «Ол кім? Бұл не?» деген тақырыпта әлеуметтік сауалнама-блицтер де түсіреміз. Мәселен, Тоқтар Әубәкіров көшесіне барып, тұрғындардан Тоқтар Әубәкіровтің кім екенін сұраймыз. Кейбіреу біледі, тіпті ғарышкерді ақын деп жаңылысып қалатындар да бар. Халықтың санасына сілкініс беріп, осындай дүниелер шығаруда, ұлтық құндылықтар бағытына да мойын бұрып, ел тарихының тереңіне сүңгитін құнды материалдар дайындауда біз де журналистермен қатар, иық теңестіре еңбек етіп келеміз. Әлбетте, мұның арғы жағында басшымыздың да журналистік еңбек жолы ерекше ықпал еткенін айта кеткен жөн, – дейді Н.Ақжігіт.



Тың идеяларды топтастырып, үнемі жаңа қадамдарға баратын орталық республика бойынша өңірлік коммуникациялар қызметтерінің ішінде тұңғыш рет жасанды интеллект тілшісін қолданды. Бұл бағытта әлі де болса жетілдіру керек болып тұр. Жаңа технология дамыған сайын көшке ілесіп, өздерінің біліктілігін арттырып жүрген қызметкерлер алдағы уақытта да дүмпу жасар ізденісте жүр.

– Жасанды интеллектті әлі де ешкім қолдана қойған жоқ. Біз бірегейі болып тұрмыз. Алда бұл бағыттағы жұмыстарды жандандыра түсеміз. Өйткені заман талабы сол. Сондай-ақ «Нүкте», «Ашығын айтсақ...» секілді подкасттарды түсіріп, облыста бұл бағытта да алғашқы болдық. Міне, еңбектің түбінде осындай жетістік болады. Әрбір еңбек мақтауға да, марапатқа да лайық, – дейді Гүлнұр Бейбітбекқызы.

Дамыған қоғамда қысқа-нұсқа, нақтылықты алға ұстап, оқырманға ұнамды жанрда қалам тербеп жүрген сала мамандары әлеуметтік желіде де белсенді. Бейнероликтермен қатар, өздерінің де ойларын қағаз бетіне түсіріп жүреді.

– Біз қазір мобилографияны да дамытуды басты мақсатымызға айналдырдық. Мамандар бар, қажетті құрылғылар да жеткілікті. Енді тек әрекет керек. Өзім журналист болған соң, қаламының желі бар жастардың жазу-сызуға икемін шындай түскім келеді. Көпшілігі журналистика мамандығында оқыған. Қабілетті. Сондықтан ақпарат жазуда олардың шеберлігі шыңдалып келеді. Біз алдағы уақытта бірінен бірі өткен жаңашыл жастар іріктеліп, бір командада еңбек етіп келеді. Олардың тың идеялары көпшіліктің көзайымына айналған. Мәселен, орталық қызметкері Нұрай Ақжігіт әрбір жобаның өз көрермені бар екенін жеткізді.

– Біздің жобаларымыздың әрқайсысының көтерер жүгі жеңіл емес. Мемлекеттік қызметте жүрген азаматтардың жаңа қырын ашу мақсатында «Етене», еркін форматтағы «Кешкі кофе» жобасы, ауылдың тыныс-тіршілігін көрсететін «Ауылым – ел бесігім» хабары, «Кәсіп қыламын десеңіз...» айдарлары да өзімізді қамшылай түсіп, жан-жақты дами бермекпіз, – дейді Гүлнұр Бүркітбаева.

Өңірлік коммуникациялар қызметін баспасөз хатшыларын даярлайтын мектеп санайтындардың да қатары қалың. Олай дейтініміз, қызмет жолын осында бастап қазір де бірқатар басқармаларда қоғаммен байланыс саласын ұршықша иіріп жүргендер жетерлік. Өз ісінің хас шеберіне айналған олар да өз кезегінде орталықтың мақтанышы атанып келеді.

– Осында еңбек етіп, бір саланың баспасөз хатшысы болып ауысқандар көп. Осындағы қарбалас тірлікте шыңдалып, өздерін тек жақсы қырынан танытуда. Тіпті кей басшылар өздері «құда түсіп» жатады. Әріптестеріміздің өскенін, қызметте жоғарылағанын қалаймыз. Өз кезегінде олар да ұшқан ұясын ұмытпайды, – дейді Гүлнұр Бүркітбаева.

Табанды еңбектің қай-қайсысы да жетістікке жетелейді. Ол үшін бар болғаны нәтижелі жұмыс істеуге бар ынтаңды салып, алдыңа мақсат қоюың керек. Басшы орынбасары Нұрлан Тәшімтегінің бұл реттегі өзінің ұстанымы көптің алдына шығарып жүр. Облыс әкімінің баспасөз хатшылығында да еңбек атқарған азамат қандай жұмыс атқарсаң да, шынайы әрекет жасау керегін айтады.

– Жұмыстың оңайы да, жеңілі де болмайды. Барлығы еңбектеніп, бал жинаған арадай қарекет қылуды қажет етеді. Еңбегің жемісті, жұмысың нәтижелі болу үшін бұл – ең әуелгі қадам. «Еңбек – бәрін де жеңбек» деп, тер төгуің керек. Қазіргі заманда көптің қатарында болсам деген ой кәдеге аспайды. Көштің соңында қалмау үшін бір сәт те тоқтауға, аялдауға болмайды. Тоқтадың ба, сенен кейінгі алға шығады, өзің артта қала бересің. Мұны ескерген жөн. Көп адам осыны ескермей, мақсатына жете алмай жүр, – дейді Н.Тәшімтегі.

Орталық биыл ғана емес, бірнеше жыл қатарынан брифингтер мен баспасөз турын ұйымдастыруда алда келеді. Өйткені мұнда өз ісінің хас шеберлері еңбек етіп келеді.

Телефон шыр ете қалды. Гүлнұр Бейбітбекқызы әлдекіммен сөйлесті де дереу қызметкерлерін жинап алды. Бірі жоспар жасады, екіншісі мәлімет жинады, ал үшіншісі фотоаппараты мен камерасын сайлады. Олардың қарбаласқа толы жұмыс уақыты осылай өтеді. Ал қолы қалт еткенде сайманын арқалап, халыққа сұрақ қояды. Ондағысы, елдің жадында құндылықтарды қуаттайтын сілкініс болса...

**Дәулет ҚЫРДАН**

# ШИРЕК ҒАСЫРДЫ БАҒЫНДЫРҒАН «Qogam TV»

**Бүгінде көгілдір экрандағы танымдық, тағылымдық хабарлар, жаңалықтар тарату технологиясы көрермен талғамына сай өзгеріп, жаңа сатыға көтеріліп отыр. Демалыс күндерінен бөлек кешкі, таңғы ақпаратты теледидардан көреміз. Әсіресе қалада болып жатқан республикалық айтыс, мерекелік шаралардың толық нұсқасын «Qogam TV» арнасы көрсетеді. Белгілі тұлғалармен жүрекжарды сұхбаттар, танымдық хабарларымен телеарна бүгінде қызылордалықтардың құрметіне бөленіп отыр. Құрылғанына ширек ғасыр болған тәуелсіз телеарнаның тарихы да ерекше.**



1997 жылы Қызылордада арнайы экономикалық аймақ құрылған. Аймақтың өз алдына газеті мен телеарнасы және баспаханасы болу керек деп шешілген. Қоғамдық телекомпанияның тарихы алғаш «Қала TV» деген атпен осылай басталыпты. Экономикалық аймақтың басшысы, сол кезде қала әкімі болған Бақберген Досманбетов естелігінде былай дейді:

– Сондықтан бар салмақты әріптестерін жақсы танитын Бауыржан Омаровтың өзіне салдым. «Мына Байқоңырдың телекомпаниясы жабылайын деп жатқанын естіп отырмыз. Сонда Шаһизада еген іскер жігіт бар көрінеді. Телекомпания төрағасының басшылығымен және Шаһизаданың тікелей қатысуымен «Байқоңыр» ғарыш айлағындағы әрбір ұшырылым жайлы республикалық «Қазақстан», «Хабар» телеарналары эфирлерінен тікелей хабарлар топтамасы беріліп тұрады екен. Өздеріңіз білесіздер, газетіміздің редакторлығына қаншама адам ұсыныс білдірді. Ал қалалық телеарна басшылығына лайықты кандидатура болмай жатыр. Сақа журналистер көп, бірақ телеарна жұмысынан бейхабар. Тірелгеніміз жалғыз осы Шаһизада болып тұр. Егер келісетін болса, Байқоңыр телеарнасының техникалары өте күшті. Жылжымалы екі телестудиясының өзі неге тұрады?! Өзімен бірге ала келеді» деді ол. Жарайды, мен қарсы емеспін, шақыр, сөйлесіп көрейік, – дедім.

Телеарнаның осындай тарихи өткелден өтіп қалыптасуында белгілі ақын Шаһизада Әбдікәрімовтің еңбегі ерен екенін біреу білсе, біреу білмейді. Сол кезеңде ол қаланың жақсы жағын жарқырата көрсетті, көлеңкелі тұсын да көлденең тартты. Сан мың көрермен жалықпай көретін қызықты хабарлар таратты. «Қала TV» жұртшылықтың шешілмей жатқан өткір мәселесін көтеретін тәуелсіз арна болды. Алғашқы кезде эфирге бір сағат шығатын. Санаулы құраммен сол бір сағат ішінде қала тіршілігін ақпараттандырып қана қоймай, түрлі хабарлар да түсірді. Олардың қатарында «Шарайна», «Уақыт геометриясы», «Жаңғырық», «Бізбен бірге болыңыздар», «Болашақ», «Біздің қаланың адамдары» хабары болды.

– Иә, бұл – алғашқы қоғамдық телеарна. Телеарна тәуелсіз болғандықтан қоғамдағы барлық пікірге еркін орын береміз. Биліктің не оппозицияның сөзін сөйлеп, біржақты кетпейміз. Хал-қадірімізше мәселені жан-жақты көтереміз.

2000 жылдардан бері «Қызылорда қоғамдық телерадиокомпаниясы» ЖШС басқарушысы болған Тұрсынкүл Желдербаеваның да сіңірген еңбегі зор. Сол уақытта телеарна Қазақстан Ұлттық хабарларын таратушылар қауымдастығының мүшелігіне өтті. 2002 жылы «Жарнама-2002» республикалық конкурсының жеңімпазы болса, 2003 жылы инвестициялық тендерде жеңімпаз атанып, қалалық әкімшіліктің бұрынғы қосымша ғимаратын сатып алды. Ал 2005 жылы республикалық «Жаңалықтар уақыты» конкурсында «Ең үздік ақпараттық бейнесюжет», «Ең үздік телерепортаж», «Ең үздік операторлық жұмыс» номинацияларының жеңімпазы атанды, – дейді Ш.Әбдікәрімов.

Бүгінде күллі көрерменнің көзайымына айналған «Qogam TV» арнасы «Отау» спутнигі арқылы республикаға эфир тарататын телеарнаға айналды. Республикалық телеарналармен қатар компьютерлік монтаждау әдісін ең алғаш болып бастады. Қазіргі атқарушы директор Мұрат Шалабаевтың айтуынша, бұл салада жұмыс істеу үшін телеарнаны жан-тәніңмен сүю керек.

– Егер телеарнаны жақсы көрмесең, онда ұзақ жұмыс істей алмайсың. Уақытша жұмыс істеп кетемін деп келетіндер сондықтан да көп тұрақтамайды. Алғаш телеарна құрылған кезде ленталық кассетамен түсіреміз, монтаждауда аналогтық құрал болатын. ВХС камерамен түсіріп, таспамен жазатынбыз. Ол уақытта мамандар да қат. Тіпті журналистер, операторлар дайындайтын оқу орны жоқ. Бір сағат эфир үшін бір күн тер төгеміз. Қазіргідей түсіріп келе сала, эфирге шығармайды. Оны көшіріп, таспаға қайта басамыз, монтаждаймыз. Ал бүгінде компьютер арқылы жылдам монтаждап, оны эфирге таратамыз. Екі жылдан бері облысқа да шығып келеміз. Спутник арқылы еліміздің кез келген қаласынан қосылуға мүмкіндік бар, – дейді ол.

Бүгінде телеарна ұжымында 42 қызметкер бар. Олардың қатарында Гүлмира Ерманова, Мұрат Шалабаев, Баян Құлтанова, Ғалима Керейтбаева, Нұрдәулет Қалабаев, Олжас Дәуіт, Назгүл Қажытаева, Мәдина Ералиева, Айдана Қауленова, Арайлым Кенжебекқызы, Шапағат Торғайдың есімдері құрметпен аталады. Операторлардан Асылбек Құлпайыстанов, Ерлан Жұмабаев және басқа да техникалық қызметкерлердің еңбегін атап өткен жөн.

Осылайша уақыт ағымымен қалыптасып, тұғырын биіктеткен Сыр өңірінің ақпарат айдынында бәсі биік «Qogam TV» арнасы биыл 25 жылдық мерейтойын атап өтті. Көрерменге қалтқысыз қызмет еткен әріптестерімізді бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерінің мерейлі мерекесімен құттықтап, шығармашылық табыс тілейміз!

**Гауһар ҚОЖАХМЕТОВА**

**Меншік иесі:**
СЫР МЕДИА
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

**Бас директор**
**Марат АРАЛБАЕВ**

**Қызылорда қалалық «Ақмешіт апталығы» газетінің редакциясы**

**Бас редактор**
**Гүлмира ДІЛДӘБЕКОВА**

Телефондар:
Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)
Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1009)
Қабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1023)
Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1022)
Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір –1013, 1018,1021)

**Газеттің негізін қалаған Әділхан БӘЙМЕН**

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу куәлігі №17657-Г. «Ақмешіт апталығы» қалалық газеті ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес KZ. 4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған. Аптасына 2 рет, сейсенбі, сенбі күндері шығады.
Жарияланған материалдардағы пікірлер редакция көзқарасымен сәйкес келе бермейтіндігі, деректер мен мәліметтердің нақтылығына автордың, хабарландыру иесінің жауапты екендігі ескертіледі. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел: 8(7242) 40-06-68
Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына хабарласуға болады.
Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А.
**Таралымы 2892** **Тапсырыс №1012**

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтан көшесі, 4А. Т.Жүргенов атындағы шығармашылық үйі.
Нөмірдің кезекші редакторы Дәулет ҚЫРДАН